

**БЕК  
ТОФЫСБАЙҰЛЫ**

**ТАНДАМАЛЫ**



Herry J. M. R

# **БЕК ТОҒЫСБАЙҰЛЫ**

**ТАҢДАМАЛЫ**

**2-том**



**Алматы  
“Жалын баспасы”  
2005**

ББК 84 Қаз 7-44  
Т 50

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
ақпарат және спорт міністірлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Тогысбаев Б.  
Т 50 Тандамалы. Том 2. – Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС,  
2005. – 256 бет.

ISBN 9965-693-20-X

Бек Тогысбайұлының “Тандамалы” кітабының екінші томы  
“Әкең де бала болған” повесімен ашылған. Бұл шығармада орта жастан  
ақсан азаматтың өмір жолы, көрген қыншылықтары, алғашқы  
махаббаты баяндалған.

“Асыл адам айнымас” повесінде Бәйкен атты азаматтың жана  
өмір орнату жолындағы ерлік қымылдары, кеңес өкіметінің ауылдағы  
саясатын жеке бағдарының қамы үшін пайдаланып, жазықсыз адамдарға  
зәбір-жапа көрсеткен жергілікті белсенділермен айқасы аса бір есте  
қаларлық көрністер арқылы суреттелген. “Ар алдында” атты шығар-  
масында сұра ағып бара жатқан балаларды қутқарған Қалау деген  
азаматтың айналасындағы шыргалаң оқигалар, әркімнің ар-үяты  
алдындағы бейнесі көрсетілген. “Сый қонақ”, “Құдық басында”, “Әр  
әкенін балалары”, “Наз ерке”, т.б. әңгімелерде бүгінгі замандастарымызы-  
дың қылыш мінезі, басынан кешкен қызықты оқигалары халықтың бай-  
тілмен, көркем образдар арқылы шебер бейнеленген.

Т — 4702250201-07  
408(05)-05 7-2005

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-693-20-X-(т.2)  
ISBN 9965-693-18-8

© Бек Тогысбайұлы, 2005  
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005

## П О В Е С Т Е Р

---

Бұл еңбегімді Ұлы Отан  
согысында қаза тапқан аяулы  
әкем Тогысбайға және анам  
Күлшеріге арнаймын.  
Автор

### ӘКЕҢ ДЕ БАЛА БОЛҒАН

Жаңым балам! Әкең саған ренжулі, себебі артқан үміті ақталмай ма деп уайым жейді. Жасың он жетіге толмай жатып ез бетінмен кеткің келеді, әке-шешенңін айтқан тілін алмауға айналдың. Таң жарығында ерте тұрып мектепке кетесін, тал түсте төбендей бір көріп қаламыз, соナン соң, аллауакпар, жоқсың. Қайда журдің, не бітіріп қайтың – айтпайсын; жатар мезгілде келіп апыл-құпыл ас ішесін де, үйқыға кетесін. Әлденеше рет әнпімеге де тартып көрдім – ашылып ештеңе айтпадың. Сенің жасында бала деген ертеңін ойлап, келешекте кім болатынын кесіп-пішетін. Ал сенің қаперінде дәнене де жоқ. Қайта бұдан балалау кезінде ашық-жарқын едің, “Солдат боламын, милиционер боламын”, – деп, олардың қару асынғанына қызығатынсың, ал қазір қандай мамандықты қалайтының да мәлімсіз, қай пәндерге икемің барын да білмейміз, кейде “төрт”, кейде “үш” деген бағамен жосып жүрсің...

Кеше ғана класс жетекшінмен сөйлесіп қайттым: “Мектепте тыныш жүрмейді, кейбір сабактан кетіп қалады, мұғаліммен ерегіседі, үйге берілген тапсырмаларды шала орындайды”, – деп, өзімді жерге қаратты. Бұл қалпынмен оныншыны да ондырып бітірмейсің-ау. Бастауыш кластарда зерек, зейінді секілді едің, не болды саған? Әлде бұл балалық шағынмен қоштасу белгісі ме? Жігіт болар алдындағы өзгеріс пе? Жарығым-ау, бір ауық ертеңінді ойласан етті! Әке-шешен қашанғы жаңыңа байланып жүреді? Күндердің күнінде жеке үй боласың, бала-шағаң қолыңа қарайды, соңда да осындағы босбелбеу болып жүрсөн, ку тіршілік желді қунгі қаңбақтай айдамай ма? Әйтеуір, жан бағарсың-ау, бірақ ез балаларынды үядан үшірьшіп, адам қатарына қосқанша қанша ашы тер төгу керектігін білесің бе?

Рас, сен әзірше азған да, тозған да жоқсын, бұл жерде тек әке-шешене сеніп жалқау тартып жүргеніңді ғана айтып отырмын. Ақылың толғанша әлі талай өткелден отерсін, бірақ сен оған дейін өз әкенін қалай өмір сүргенін біліп ал. Әке жолы өз баласына үлгі-өнеге болуы керек деп ойлаймын, сонда ғана біз сендерді “өміріміздің жалғасы” деп айта аламыз.

Әкен сенің жер-жаһанға аты жайылған адам емес, катардағы галым, Некрасов айтқандай, “акын болмасаң мейлі, ал азamat болу – міндетің”. Мен қазір қырықтың қырқасындағын, жүріп өткен жолға қайырылып бір қарасам, менің жасымдағылардың да небір кешу-өткелдері бар екен. Қар жастаңып, муз төссеніп, от кешпесек те, соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі ел, Отан тіршілігіне біздің де толық қатысымыз бар. Қөп іске күә болсақ, көп іске қолма-қол араласып та кетіппіз. Бала кезімізден тіршіліктің ацы дәмін таттық, сибек ете жүре есейдік... Сендердің қазіргі алансыз, мамыражай өмірлерін, баршамызыңдың тоқшылыққа кенелген қызық тіршілігіміз жарқ-жүрк оттың жалынымен ғана емес, құнделікті қарапайым қол еңбегімен де келген...

Мен мұның бәрін саған ауызекі айтып жеткізе алмаймын, майын тамызып жазатын қаламгер де емеспін, шамам келгенінше шетінен тізіп баяндал бермекпін. Олпы-солты жерлері болса, біздің мектепте қатар оқыған жазушы жігіт бар, сол жөндеп берер, мүмкін, өз кәдесіне жаратар... Қалай да осыны өзің оқып шық. Оқып қана қоймай, ойлан. Кейін қырықтан асканда сен де өз балаларыңа бастан кешкендерінді баяндал бер. Бұл біздің семьялық дәстүрімізге айналсын.

Өз әкем Қонысбай еміс-еміс есімде: еңсегей бойлы, кең маңдай, қыр мұрын, қара торы кісі-тұғын. Тесінде түймелі қалталары бар қара сүр гимнастерка, сүр шалбар, жап-жалтыр жұқа хром етік киіп жүретін. Әсіресе есімде қалғаны – беліндегі жez басты жалпақ белбеуі, тунде келе жатқанда ай сәулесімен жалт-жұлт шағылысып маған керемет әсер ететін. Неге екенін қайдам, көкем үнемі жалаңбас жүруші еді. Туганымнан мені қолынан тастамалты. Бесікке бөлөтпей, төсек үстіне үйқтатып, оянсан кең жейдесінің етегіне салып әлдилейді екен. Шешеме тек емізерде ғана үстатқан.

Тәй-тәй басқанымнан бастап, өзі мұғалім болып қызмет істейтін мектепке бірге ала барады екен. Отызының жылдардың аяғында бастауыш кластарда ересек балалар оқытын, солар мені алма-кезек көтеріп, ойнатып алдандырыпты. Сәбілік тәтті өмір осылайша жалғаса берер ме еді, егер әке-шешемнің арасында кикілжің басталмаса...

Әкем Қонысбай, шешем Құлпан жасында бірін-бірі сүйіп қосылған. Туган шешесінен үш жасында жетім қалған әкем

жасынан ширақ атбегі, балуан болып өссе керек. Ең бастысы – жынын-тойдың сәні екен. Ол отырған, ол жүрген жер өзіл-кулкі, өн-күй ордасына айналған. Айтыс өлеңіне де икемі бар ол, талай қызы-келишектерді топ ішінде сүріндіргенін елдегі адамдар осы күнге дейін аузынан тастамайды. Алматыдағы мұғалімдік қурсты отыз бесінші жылы тәмәмдаған әкем Оңтүстік Балқаш жағалауындағы шалғай ауылдардың ішінде көзі ашық, білімді адамдардың бірі болған.

Шешем Күлпан кезінде мұсылманиша да тіл сындырмаған, байдың ерке-тотай қызы екен. Әкесі қемпескеленгенде әрі жетім, әрі кедей Қонысбайға “жан сақтау үшін” қалыңсыз тұрмыска шығыпты. Күні бүгінге дейін шешем бұл шындықты ашып-айрып айтпайды, “әкең мені өлеңмен женіп алған” дей салады. Жасынан үл орнына жүріп, асау кердей бұлғандап өсken ол, алғашқыда тұрмыс тапшылығына шыдамаса керек. Бірақ курен қабактың тұp тамыры тұрмыс тапшылығында емес (елдің бәрі кедей ғой), әкемнің тым сері мінезділігінде жатса керек.

Қысты күні теңіз қатқанда, арғы беттегі малы көп арқа адамдары Іле-Балқаштың диқаншыларына мұз үстімен қатынап, жорға-жүйріктерін ақ тары, қызыл бидайға айырбастап қайтады екен. Олардың келіп-кетуі жай саудасаттық емес, той-думанға айналған. Арқаның атақты салсерілерінен ауысқан өн-күйлерін де ала келген. Әкем бозбала кезінде соларға ілесіп ел аралапты. Өз бойындағы табиғат берген өнерін Арқадан келгендер үштап кетсе керек.

Әкем үйленгеннен кейін де ел аралап, сауық-сайран құруын қоймаған. Оның үстіне, шешем жеті жыл құрсақ көтермей, отыз алтыншы жылдың қысындаған дүниеге мен келіппін. Атымды Теміртас қойған бірінші себебі, темірдей берік болып өссін деген ырымға сенсе, екінші себеп – әкем Біржан салдың “Теміртас” деген өнін өте-мөтә жақсы көреді екен. Әлденеден уайым жегендे үй ішінде ойнат жүрген маган қарап отырып:

Теміртас, Асыл, Ақық, қарастарым,  
Үкідей жақсы коріп балактадым...  
Бірге өсken құрбы-құрдас, замандастар  
Есіктен қарай ма деп алактадым, —

деп, домбыраға қосылып қүніренгенде козіне жас үйіріletін еді дейді көрген ел. “Егер Теміртасымнан кейін қыз балаларым болса, аттарын Асыл, Ақық қоямын”, — дейді екен. Бірақ менен кейінгі қыз бала болмай, шешем тағы бір үл туып, атын маған үйқастырып Болаттас қойыпты.

Екі үл туып берген апам енді еркінси бастайды. Бала жок, кезде әкеме ілесіп ауыл-елді аралауды әдетке айналадырган, езі де сауық-сайран құруға бір табан жақын апам кейінгі бала еңбектеуге жараганнан кейін-ақ екеумізге қарауды қойған. Екі баланы мектептегі ересек қыздарға тастап, тіпті әкем жокта да қайда жиын-той болса, сонда кетеді еken.

Әкем аудандық оку бөліміне қоқтемде бір, жазда бір қатынайды еken. Ол кезде машина, самолет мүлде жок, жалғыз көлік – ат. Жол-жөнекей талай сулардан өтетін, арыберісі бес жұз шақырым жерге бір қатынаудың өзі он-он бес күн уақыт алған. Апамның еркін қызыратыны осы кез.

“Бала қаты қорқынан өмірі ұмытпайды” деген сөз рас болу керек, торт жасымдағы бір уақыға әлі күнге дейін көз алдында. Жазда қоқем ауданға кеткенде, апам Болат екеумізді қараңғы үйге үйқатып, есікті сыртынан іліп кетіпти. Бір нәрседен шошып оянысам керек, үй іші ала көлеңке, терезеден ай төніп түр. Жан-жағымды сипап едім, кешкүрим жаңымда жатқан апам жоқ! Кенет үй іші тас қараңғы үңгір тәрізденіп, бұрыш-бұрыштан көздері от шашқан бір топ қасқыр қарап тұргандай бол-ды. Аспандагы шарбы бұлтқа бір кіріп, бір шыққан ай сәүлесі үңгір ішінде құбылып ойнағандай одан әрмен үрей туғызды. Тұла бойымды қорқыныш билеп, бақырып жылағаным бар. Бұған Болат оянып, екеуміз қосыла жылап, тар бөлмені азан-қазан шуға толтырдық. Ешкім дыбыс бермеген соң, мен терезе алдына келіп, леп кірсін деп алып қойған әйнектен сұғынып сыртқа қарадым. Дала сүттей жарық еken. Иығымды қүшитып әрі-бері ырғап едім, денем терезеден тұтас өтіп, кара жерге аунап тұстім. Корққанда қай жерін ауырғанын да білмейді екенсің. Жерге түскен соң арт жағымда бақырып тұрган денесі менен әлдекайда ықшам Болатты қолынан тартып, мықшында жатып әзер дегендे сыртқа шығардым. Екеуміз көше бойлап, анырап жылап, ауыл иттерін шулатып келе жатқанда, қоқемнің Шайсыдық деген жолдасы үрейі үшкән екеумізді үйіне алып келді. Қөпке дейін өксүін баса алмаган біздерге сүт ішкізіп, қомпіт беріп зорға үйқатқан еken. Тойдан таң ата қайтқан апам, балаларын үйден таба алмай, зар еніреп, есіктен есік қоймай іздеген. “Өзіңе де сол керек” деп, Шайсыдық біздің қайда екенимізді айтпай қойған. Жалғыз өзі шарқ ұрып, ауылды айнала ізделп, “буларды адасып жүргенде қасқыр жеп кеткен еken” деп, күн шыға есінен танып құлағандаған Шайсыдық шындықты айтқан. Бұл оқиғаның арты ушығып, қоқем мен апамның алты ай бойы ажырасып кетуіне себеп болыпты. Ажырасқанда мен қоқемнің, Болат шешемнің қолында

кетіппіз... Сол кезде аяқ астынан қызылша деген жаман ауру жабысып, ешкімге сенбей өзі құтіп-бағатын қекемнің қолындағы мен аман қалыптын да, әркімнің қолында жүріп қутімі жөнді болмаған Болат дүние салыпты!

Іле-шала соғыс басталып кетіп, жеке бастың уайым-қайғысын халық басына тонген қасірет женген... Әкем майданға аттанарында үзак таңға жырладап, жылаган дейді. Тыңдаған ел, әсіресе “Теміртасты” қайта-қайта айтқанын еске алады.

Қара су есік алды ылайланды  
Бай болмақ, батыр болмақ қудайдан-ды...  
Қамзолдай келте пішкен доңгеленіп  
Дүние өтерінде шыр айналды!  
Қара нар жүк котермес саздаған соң,  
Су шықпас ойпаң жерді қазбаған соң.  
Жете алмай арманыма отіп барам  
Маңдайға әуел баста жазбаған соң!

Кекемнің арманы көп екен. Оқуын одан әрі жалғастырып, ғылым жолын қусам деп айтқанын естігендер бар... Аузына “құдай салып” түр ма, кім біледі, әкем арманына жете алмай, 1943-жылы Отан қорғау жолында, Ленинград тубінде ерлікпен қаза болды деген “қара қағаз” алдык...

Қекем туралы ес біле бастағанда көп естідім. “Сен десе қекенің шығарға жаны жоқ еді” деседі. Бір жолы ауыл мұғалімдері аудан орталығына атпен бара жатып, Ілден өте алмай жағада көп тұрып калады. Қайықшы жоқ, қайық арғы бетте байлаулы түр. Қектем ызғары кеудені қысып барады, көп тұруға уақыт та жоқ. Ары айқайлап, бері айқайлап даусы қарлықтан мұғалімдер:

— Қонысбай, ішімізде сенен жүзгішіміз жоқ, арғы беттен қайықты алып келсен қайтеді? — деп қекеме қолқа салады. Мезгіл март айы. Ілден әлі сен жүріп жатса керек. Мұздай суга бірден түсіп кету қайда, қекем әрі-бері қипақтап тұрганда мұғалімдердің бірі:

— Қане, Темірінің жасы үзақ болсын, құтқар бізді мына қамаудан! — десе, менің атым аталаған соң-ақ қекем киімін шешіп тастап, суга қойып кетіпті. Ені жарты шақырымдай келетін дариядан сен-сенің арасымен жүзіп барып арғы беттегі қайықты әкелген екен. Жағаға шыққанда тісі-тісіне тимей дірілдеп-қалышылдап өлетін болған соң, жолдастары өмірі аузына алмайтын арақтан үрттатыпты, денесін де спиртпен ысқылаған... Содан қалған зардал па, қекемнің анда-санда жөтелетіні бар-тұғын.

Бертініректе өзім Іле-Балқаш бойын аралағанда әкемнің ел ішінде, жора-жолдастары арасында қаншалықты қадыры

болғанын көзіммен көріп, жүргіммен сездім. Көкем қолы ашық, жомарт, өзім деген жігітке мінген атын түсіп беретін мәрт кісі екен. Тірі қалғаннан Байсын құрдасты елуінші жылдары жылқы бағады екен. Мен барғанда бір малын шалып, кәдуілгідей той жасады. “Тұлпардан қалған түяқ” деп, мені жеке құрметтеп, тай мінгізіп, “жалғыз баланы жетімсіртпей ел ішіне әкелген” шешеме де сый-сияпат қорсетті. Жақын манайдарғы малшылар жинальп өздерінше сауық құрды. Он-он бес ат бәйгеге қосылып, соны қекпарға айналды. Елуінші жылдардағы елдің тұрмыс-жайы белгілі, бірге тұганым да емес, жай үзенгі жолдастының баласын қөргеніне той жасаған ауыл адамдарынан айналмайсың ба? “Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық” деген сөз бар. “Әкен өлсे де әкенін, көзін қөрген өлмесін” деп те айтады. Сол жылы он жетіге аяқ басқан едім, әке қадірін, әке қасиетін анық сезгендей болдым. Ойлап отырсаң, қазір де қоңілім босайды. Сол адамдарға мен не жақсылық қорсеттім? “Сыйга — сый, сыраға — бал” дегендей, сөл адамгершілкітің, кісліктің қарымын қалай қайтарамыз?.. Қазірде көкемнің үзенгі жолдастары мулде сиреп қалды, көзі тірісінде істемеген жақсылықтың топырақ жамылғанда қандай кажеті бар? Иә... бар жақсылық кейінгі үрпақтарына бұйырсын!

Балам, сенің есінде болатын тағы бір жағдай бар. Айы-күні жақындағанда шешенде ауылға апарып тастаганмын... Бала — Топардағы ауруханада туыпты. Сол күні мен самолеттен ұшып жеттім. “Конысбайдан үрпақ тарады!” деп, бірнеше күннен кейін немере туысы Шатыrbай, үзенгі жолдасты Тұрарбек ат шаптырып той жасады... Ел адамдарының осындаид ер мінезі мен жайсан істері есімеге түскен сайын кеудемді шаттық кернеп, жүргегім атша тулайды. Осынау ағалардың дариядай тасыған қоңілі, риясыз істері мәнгі үлгі аларлық... Бұл күнде марқұм болған Байсын, Тұрарбек, Шатыrbайлардан тараган үрпаққа бас-көз, ақылшы аға болуга жарай алам ба, жоқ па?..

Қалай болғанда да, балам, сен елден қол үзбе. Қалада тұрады екем деп, қаранды қорсетпегенің сүйекке таңба болады. Біздің ауыл Алматыдан бес жұз шақырым шалғайда, былайғы жүрт “Қамау” деп ататын қиян түпкірде. “Қамау” дейтін себебі Іле дариясынан Араптөбе тұсында бөлініп шығатын Ақсерке, Жиделі өзендері Балқашқа болек құяды. Теріскеі — Балқаш, күншығысы — Жиделі, оңтүстік батысы — Іле, сегізінші, тогызыныши ауылдар орналасқан жерлерді жеке арал десе де болғандай. Ондағы ел сырттағылармен өзен-сулар арқылы қайықлен, не атжадап қатынасқан. Ата-бабаларымыз, сірә, бұл жерді малға, тіршілікке жайлы болған соң мекендесе керек. Себебі “Қамау” деп аталағын әлгі арал — қалың жиде, ну

қамыс, сыңсыган жыңғыл, сексеуіл. Үшқан құс, жүгірген аң түгел осында. Жабайы шошқа, қасқыр дейсін бе, қоян, тұлкі, елік керек пе – бәрі табылады. Ертеде бұл жақта жолбарыс та көп екен, ең соңғысын соғыс басталар алдында ғана атып өлтіріпти. Ұзыны – жуз, көлденені – елу шақырымдай келетін бұл аралда жұз шақты шүнәт көлдер бар, ерте көктемнен сұық құзғе дейін қаз, үйрек бір үзілмейді. Ал балық, қыргауыл дегенін жыртылып айрылғандай... Қазір соның біразы азайды, дегенен, балам, барсан талай қызықты қөрер едін. Ата-бабасының өсіп-өнген жерін білмей, қасиет-сырын жүргімен сезбей тұрып елді, жерді сүйем дегендеге өз басым сеніңкіремеймін. Егер халықтың нағыз ұлы болам десен өлді, жерді жиі арала.

\* \* \*

Әкемді соңғы рет көргенім есімнен қалмайды. Апам Шоқпар станциясындағы ауруханада жатқан. Мезгіл күз айы. Үш күн ұдайы жел соғып, әлдекайдан бауыры жер сыйған кара бұлттарды жөнқілте айдал әкелді де жер-дүниені лай басты. Біз әжем екеуміз шығыстан келетін составты ертеңнен тұс ауғанша құттік. Әжемнің қолындағы телеграмма да поездың Шоқпардан қай күні өтетіні айттылған да, қай мезгілде, қай сағатта келетіні көрсетілмеген.

“Әже” деп отырғаным – апамың шешесі Райхан. Көкем соғыс басталысымен апам екеумізді темір жолға жақын отыратын осы кісінің қолына қошіріп әкелген-ді. Бір ай өткен соң, өзі де әскерге осы арадан аттанды. Әуелі Алматы жақта үш айдай әскери жаттығудан өтіп, енді батысқа, майданға бет алуы осы.

Кейбір составтар тоқтамай ағып өтіп жатыр. Әжемнің зар илеп тілейтіні – бір минутке болса да поездың аялдауы... Құн ұсына еңкейе бере, шығыс жақтағы тау жақпарларының арасынан шұбатылған қызыл вагондар көрінді. Сүйретіп келе жатқан “қара айғырдың” ысқыра айқайлауына қарағанда “Тоқтамаймын! Жол беріндер” деп қорқытатында. Әжем:.. “Иә, жасаған, жар бола ғөр!” — деп қайта-қайта құлышылық өтіп тұр. Сол кезде батыс жақтан да паровоздың айдаланы жаңғырта айқайлағаны естілді. Әжемнің қуанганаңынан көз жасы ыршып кетті: қарсы келе жатқан поездар станцияға тоқтамай өтпейді! Бес жастағы мені ишігіна көтеріп шағын перронның я басына, я аяғына жүгірерін білмей сасқалақтап жур. “Құдай бергенде” шығыстан келе жатқан поезд станцияға бұрын жетіп, бергі жолға тоқтады. Қызыл вагондардың сырмалы есіктері сарт-сүрт ашылып, әскери күйді адамдар бір-бір топатайын көтеріп су атқылаған жалғыз құбырдың

айналасына бал арасында үймелеп кетті. Көп солдаттың арасында адасып қалған әжем мені ишкіна салып көтеріп, “Қонысбай! Қонысбай!” — деп, айғай салып жүтіріп жур. Оның дауысына құлақ түрген ешкім жок, қара терге түсіп ана вагонга бір, мына вагонға бір барады. Сол кезде ұзын составтың арт жағынан жүтіріп келе жатқан қөкемді мен бұрын көрдім. “Кеке! Кеке!”, — деп, айғайлап жылап жібергенімде, әжем де көзінен жасы парлат үні шықпай қалды. Әжемнің ишкіна сектіріп түсіп, қекеме карсы тұра үмтүлдым. Қекем жерден мені қаңбак құрлы көрмей көтеріп алып қеудесіне мінгізді де, құшырлана кеп сүйе! Қозінен ыршып түскен жас бетіме, мойныма тамғаны естен кете ме! Мен де мойнынан тас құшақтап алышпрын, айрылар емеспін. Сол кезде қонырау соғылып, солдаттар қоғадай жапырылып вагондарына мініп жатты. Қайын енесінің қасында тұрганы сондаған есіне түскендей қекем мені бір қолына алыш, бір қолымен әжемді құшақтады... “Хош, апа! Темірімді бауырынан шығарма!” деген сөзі қулағымда қалыпты. Поезд жүрісін жылдамдатып, соңғы вагонның құйрығы көрінгенде кокем тағы бір құшырлана сүйіп әжемнің қолына ұстарты да, ұзап кеткен составты қуа жөнелді. Қекемнің шпалдарды аттал-бүттап жүтіргені сонда маған құстың үшқанында болып елестеді. Әп-сәтте ол составты қуып жеткенде, соңғы вагонда тұрган солдаттар қолдарын созып жабыла көтеріп әкетті. Қан майданда да солдаттар осылайша бірін-бірі сүйеп, қолдап, көтеріп әкететіндей көрінді.

Әжем екеуміз жылап-еңіреп перронға кеп тұрдық. Поезд айналма жолға бұрылғанға дейін қекемнің қол бұлғап бара жатқаны осы күнге дейін көз алдында.

Әжем сондаған қолындағы қекем берген түйіншекке көніл аударды: ішінде гілер көйлек-көншек, ойыншық, мәмпәси екен. “Өзі таршылықта жүріп біздің қамымызды ойлаған жарығым-ай!” — деп, әжем тағы да көзіне жас алыш, алышта бұлдырап бара жатқан қызыл составтың соңына ұзақ қарады. Өз кіндігінен өле-өле бірде-бір ұл бала қалмаган кейуананың жарығы шынында да қекем еді...

Шешем ауруханадан шыққан соң колхоз жұмысына араласты да, көп ұзамай бастықтың мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып сайланды. Енді ол қысы-жазы үй қарасын коруді азайтты, көбінесе қырда, малды ауылдарда жүреді. Оқтатекте бір соғып, қант-шай, күрт-май әкеп тастағаны болмаса, үйге сирек түнейді. Әйттеуір, бізді аш қылған жок.

...Мен келер жылы алты жасымда мектепке бардым. Біз отырған “Темірқазық” колхозы — “Қарауылтөбе”, “Талапкер”,

“Ботабаурым” колхоздарының ауыл совет орталығы болатын. Соғыс алдында ғана дөң басынан ақ шатырлы мектеп үйі салыныпты. Мектепке барған балалардың ең кішісі де, әлжуазы да мен. Төрт жасымда өмірімді қызып кете жаздаған қызылша ауруының зардабынан шидей болып қатып қалсам керек.

Көктем тұа қозы жаямыз. Астық орылып біткенде, атқа жарамды балаларды қырманға әкеліп дөңбек тас айдатады. Ауыл ұсталары таудың көк тасынан ойып, қырлаған дөңбек жегілген ат үстінде бидай шөмелені айналып ертеңнен кешке дейін журуден артық азап бар ма екен?! Бір сарынмен, бір ізben айнала берген соң басың зеніп, есің ауып құлай жаздайсың, әрі-беріден соң үйқың келеді. Қалғи бастасаң-ақ қырманшы тырманың сабымен тұртіп қалады. Қалғып отырып аттан құлап дөңбек тастың астында қала жаздаған күндер де болды.

Корлықтың қекесін ат суарғанда көремін. Ауыздығын алудын алсам да, қайта сала алмай әуремін. Қыршаңқы неме мені баласына ма, басын кегжендетіп, кейде тіпті жүгенді қағып тастайды. Бұған ересек балалар күліп мені мазактайды.

Астық бастырылып болған соң, жаппай масақ теруге шығамыз. Қол орақтан қалған аңыздагы бидай сабактарын тери де қиямет. Шыжыған ыстықта белің бүтіліп, таңдайың кеүіп, күнге қақталу да оңай емес-ау.

Енді ойлап отырсам, сонау бала кездегі мандайдан акқан аңы тер, бір үзім нанның қадірі омір бойы сабақ болған екен. Жасында көрген қыншылығың қас қағымдай уақытта өтє шығады, оның есесіне денен ширап, күн мен желге пісіп өсесін. Ауыл балаларының мығым, төзімді келетіні де сол жастайынан ауыр еңбектің дәмін татқандықтан болу керек. Ал сен стадионнан басқа жердегі дене қымылын корген жоқсын.

“Темірқазық” түрған жердің теріскейі Шу-Іле тауларының катпар-катпар сілемі де, түстігі Қырғыз Алатауына дейін созылып жатқан Үлкен, Кіші, Бала Жайсандарға ұласады. Осынау жазық қыр далада халық erteden бидай, арпа егеді екен. Бізге жақын Шоқпар асуының ар жағы Аңракай, Қордай тауларына тіреліп, ортада Отар жазығымен жалғасып кетеді.

“Темірқазық” түрған жер Ақтам деп те аталағы. Оның себебі, 1928-жылы Турксіб тартылғанда Шоқпар асуына соктрай айналып оту үшін, темір жол осы арамен жүргізілмек екен. Сонда жоғары жақтағы таулардан бас алатын жіңішке өзеннің бойына ылғы қарагайдан барак салынып, жұмысшылар оны әкеп койса керек. Кошпелі қазактар бұл мекенді “Ақтам” деп сондықтан атаған. Кейін Шоқпар асуы дәрімен қопарылып,

ирек-ирек темір жол түскенде бұл ара жаңа үйымдастқан колхоз орталығы болып қалған. “Осы ара бізге біржола темір қазық болсын, енді ешқайда көштейміз”, — деп Ақтамның атын өзгерткен. Қазактар балшық езіп, саман кірпіштен там көтергенде Ақтамның қарагайлары тәбе жабуға жараған.

Сол Ақтамның жанынан ағатын тау өзені жіңішке болғанмен, аты дардай еді. Ертеде оны Алтай деген бай жайласа керек, өзен аты да солай атальшты. Ақтамнан сәл төмөніректе биік дондің басында Алтай байдың күмбезі тур – қозы, лақ жайған балалардың баспанасы да, ойнайтын үйшігі де сол. Үлкендер “аруақ атады” деп қанша қорқытса да, айдалада түрган жалғыз күмбезден ешқайсымыз үрейленбейміз. Киіз үй құсатып қүйген кірпіштен орген күмбездің іші кен, таза... Сол күмбездің етегінде айналасы ат шаптырымдай жазық бар. Сол жерге біздің ауыл бау-бақща еgetіn.

Кар еріп, күн жылынысымен-ақ әжем кетпен, курегін арқалап, торсыққа айран-шалабын толтырып, құрт-май, ірімшік, шай альп бақша айдайтын жерге баратын да, кос тігіл жататын. Сабактан қолым босағанда мен де әжемнің қасында боламын. Әжем таң қарандысынан тұрып, күн батқанша бақша ішінен шықпайды. Қүрекпен қопсытылған жерге отыргызбайтыны жок: қауын, қарбыз, аскабақ, жүгері, кияр, помидор, темекіге дейін егеді. Біздің үйде темекі тартатын бірде бір адам жок болса да, әжем майданға кеткен бауырлары мен қайындары үшін көк темекінің жапырағын жеке дорбага салып сақтаушы еді. Ол темекінің қысы-жазы қызығын көретін мен – ересек балалардың асығына айырбас жасаймын. Қоң ұзамай олар берген асығын қайыра үтүп алады, тағы да әжемнің қорада ітүлі түрган кап-дорбасына қол саламын. Аттың қыны кептіріп, үтіп көк темекіге қосып тартатын сомадай балалардың алдында әжептеуір беделім бар.

Жалпы мен үйдегіні түзге тасуға өуес едім. Бір күні қаптағы күрған жүгеріні екі қалтама толтырып альп өзен жағасына қарай шытып бара жатсам, манайдағы тауық атаулы соңымнан ітесіп күлкіге ұшырадым. Себебі асық та, тас та, темекі де салатын жанқалтамның түбі тесіліп қалғанын білмеппін гой!

Асықтан жалықсақ ләнгі тебеміз. Біздің қой, ешкі қамайтын қорамыз кендеу, өсіреле, қар калында жиналатын жеріміз сол. Әжем “ақыр табандарынды жер теуіп тоздырады екенсіндер, одан да қораның көнін таптаңдар” деп күллі баланың жиналатына рұқсат беретін.

Бұл – бізге де ынғайлы, ләңгі тепкенімізді мұғалімдер көрсе үрсады немесе ләнгімізді тартып алып қояды.

Ауыл балаларының тағы бір қызық ойыны бар, ол – жаяу көкпар. Ешкінің түбіті мен қылышығын арзастырып өрген,

екі ұшы түйілген, ұзындығы үш-төрт баланың ғана қолы сиятында “кокпарды” ортаға комеміз. Өзенге тұмсығын тірек қулаған шағын ғана бөлек тау біздің ауылды екіге боліп тұратын. Қызыл тұмсықтың жоғарғы жағы – “қыр ауыл” да, томенгі жағы – “ой ауыл”. Екі оргада аумақты сай бар. Біздің ойынға жиналатын жеріміз де сол ара. Жаяу кокпардың өз “додасы”, өз “салмасы” бар. Қолдарымыз қызырып қанағанша тартысамыз. Қолының қаруы бар ишкіті балалар додага түсіп тартысады да, әлі жеткені алып шығып даяр тұрган үшқыр балаға үстата қояды. Бірақ оны да аңдып түргандар бар – карға адым үзатпай бас салады. Дода қайта басталады... Бесінде басталған ойын тұн караңғысында бір-ақ тарқаушы еді. Онда да шешелеріміз дауыстап, атымызды атап шақырған соң ғана арса-арса болып үйді-үйімізге қайтамыз...

Бесіншіге өтерде бізге төніректегі майда колхоздардың төртіншіні бітірген балалары келіп қосылды. Тура біздің үйдің жанындағы отардағы малға қошкен бір кісінің үйін кеңейтіп, жондеп, ақтап келген балаларға интернат ашты. “Бөтен балалардың” ортамызға келіп қоныу – сүттей үйіған татулығымызды бұзуга айналды.

Сырттан келген оншақты баланың ішінде Жорабек, Жайлаубек деген екі бала бірден көзге шалынды. Алдыңғысы қөп үзамай “келімсектердің” атаманы болып алды да, соңғысы соның “шабарманы” атанды. Интернаттағылар сол екеуінің аузына қарайды. Үйім жақын болған соң, мен де біраз күн “келімсектер лагерінің” ішінде жүріп көрдім. Жорабек тығыршықтай семіз, төртбақ және тамаққа тоймайтын жалмауыз екен. Шел қаптаған көзін алайта қарағанда жерге кіріп кете жаздайсың. Айтқан сөзі дереве іске аспаса шапалақпен салып жібереді де, қарап отырады. Мәмлекет келу, түсінік алу деген атымен жоқ. Қайдан тапқанын кім білсін, оның жасырып үстайтын екі жүзді қанжары бар, бар баланың зәр-иманын ұшыратын сол.

Бұл ауылда бой жағынан да, дене бітімі жағынан да Жорабек-ке жуық келетін бала жоқ. Төбелесе кетсе тура мұрын канататын Қайып та, күрескенін алып үратын Берікбай да, жарысканда алдына жан салмайтын Әбдіғұл да әзірше Жорабекке жуықтай алмай жур. Сырттан келген балалардың саны бізден әлдекайда аз болғанмен, Жорабектің арқасында пыстары басып барады.

Бір ғажабы, Жорабек мектепте тыныш. Сабак үстінде ең артта отырады да бар баланың қымыл-әрекетін бақылайды. Қөңіліне жақлағаның “көкесін” сабактан кейін танытады....

Өзі кітап атаулының бетін ашпайды. Мұғалімнің аузынан не шықса да қағып алып, жадында сақтайтын. Ауызша сабакқа

жүйрік-ак, тек сүрінегер жері – жазбаша. Не орысша, не казақша сойлемді қатесіз жаза алмайды. Есепті төрт амалға салып шығарудың орнына ойша қорыта салады. Мұғалімдер алғашқыда Жорабектің жазба жұмыска олактығын бетінс салық қылыш біраз талқыға түсірмек болды да, қоя қойды. Құллі бала соның ашса алаканында, жұмса жұдырығында екенін сезген соң оған тиисудің пайdasы жоқ екеніне көздері жетіп, класта жалпы тәртіп орнату үшін Жорабекті “класком” етіп қойды.

Мектепте тыныш жүретін Жорабек былай шыққан соң-ақ құтырады. Ең алдымен оншақты балаға істелген тамақтың тәттісін өзі жейді. Балалар қожедегі бір-бір түйір етті Жорабектің табағына салады. Оның ішіндегі тіске жұмсағын гана жеп тойған соң, Жорабек қалғанын өздеріне қайтарып береді. Қөнлі орнында болса, Жорабек істі де өділ шешеді: ет түйірін ең алдымен әлсіз, арық балаларға үлестіреді.

Тамаққа тойып алған соң, ол төр алдына шалқасынан жатады да, өздері ауылдан ала келген кішкене қарағай домбыраны балаларға кезек-кезек тартқызады. Домбыра білмегендерді шекесінен шертіп мәтек алады. Бұлардың ішіндегі күйге шебері – Жайлаубек “шабарман”.

Біздің үйде әжемнің сүр еті мен құрт-майы барын білген соң-ақ Жорабек менің иығыма мініп алды. Мен мұнда, көбінесе, Жайлаубектің күйлерін тыңдауға келетінмін. Бір жолы интернатта жатқан балалардың қарны тоймай қалғанына жаңым ашып, үйдегі кебежеде тұрған құрт-майдан әкелгенде Жорабек мәз болып: “Ей, мынауың қатқанский болды ғой! Тағы бар ма?” деп арқамнан қағып еді, анқау басым: “Бар! Көп!” деппін ғой! Сол-ақ екен, Жорабек күнде сабактан қайтысмен мені үйтег жұмсайтын болды. Алғашқыда шошытпайын десе керек, құрт, май әкелмесең күй тартпаймыз деп, Жайлаубектің қолындағы домбыраны өзі алып қабыргаға сүйеп қойды.

Ешкімге әнгіме де айтқызыған жоқ, бәрі бедірейіп менің бетіме қарап қалыпты. Сүтке тиген мысықтай болып сүмірейіп үйтег қайттым.

Кебежедегі құрт-май орта түсіп бара жатқан соң, әжемнен корқып, интернаттағы балаларға баруды доғардым. Әжемнен корқпаймын-ау, бұл үрлігымды апам естісе сөз жоқ, “құртады”. Көбінесе, жассанатынның сол жағдай.

Бірақ Жорабектен қашып құтылу қайда, канжарын корсетіл корқытатынды шыгарды. Мен қауіпті көршіден бір жағынан шын корқсам, екінші жағынан, күй тыңдағым келіп құрт, майды таси бердім.

Менің үйдегіні түзге тасып жүргенімді өжем біледі, бірақ “тәйт” деп қолымнан қақкан емес. Араны ашылған Жорабек үй төбесіндегі асқабак, қарбызы, қауынғақ пен темекінің жапырағына да қол сала бастады. Мен сінді олардан біржола күдер үздім.

Жорабектерден бөлініп Қайыптар тобына қосылып едім, олар бұрынғыдай емес қырын қарап қалыпты. Сірә, мені “шпион” деп ойласа керек. Жорабектер тобына тек күй үйрену үшін ғана барып жүргеніме тіпті сенгілері келмейді.

Тобынан сыйтылып шығып кеткенімे Жорабек те кіжініп жүр екен, бір күні кешкүрим үстап алды да, шапалакпен салып-салып жіберді. Абырай болғанда, апам үйде жоқ еді, өжеме “тасқа сүрініп құлап қалдым” дей салдым. Бет-аузымның көгергені көпке дейін кетпей жүрді.

Қайыпты жасқандыратын жалғыз жағдай — Жорабектің қанжары. Ол кезде ауылда нан кесетін пышақтың өзі зәру еді. Менің “шпион” еместігімді, шын қоңліммен қайтып оралғымды сынау үшін, Қайып сол қанжарды қайткенде де колға түсіруді мойныма жүктеді. Әрі-бері бұлталақтап көріп едім:

— Онда бізге қосылмайсың. Құрт-майынды көршілеріне тасып жан баға бер! — деп, Қайып тік кетті. “Ұры” атану қаншама жексүрүн іс болғанмен, амал жоқ, қонуге тұра келді.

Жорабектің қанжарды басына жастап жататынын білемін. Бір күні өтірік ауырып мектепке бармай қалдым да, интернаттың сыйыңқ терезесінен түсіп қанжарды жымқырып әкеттім.

Жорабек сабактан қайтысымен интернаттың астаң-кестенін шығарады. Бар баланы қатар тізіп қойып тінту жүргізеді. Кейбіреуіне жұдырық қөрсетеді, кейбіреуін қылғындырады, бірақ ештеңе өндіре алмайды. Ақыры құдік маған ауса керек, “Жорабек сені шақырып жатыр”, — деп, бір бала сырсын етіп жетіп келді. Арыстанның аузына өз аяғиммен барып түскенше көпшен бірге көрейін деп, әлгі хабарды Қайыптардың тобына жеткізе қойдым. Талайдан бері пісіу жетіп жүрген екі жақтың жанжалы осы сәтте лап еткелі түр еді.

Айтқандай-ақ, шақыруына келмеген соң, Жорабек тобын ертіп менің ізімшеге екі ауылдың ортасындағы сайға сау етіп жетіп келді. Қайыптар да қамсыз емес-тұғын. Бар бала жиылым “келсен келге” бейімделіп тастайін болып тұр.

Әуелі екі атаман Жорабек пен Қайып баяғының батырларынша жекпе-жекке шығатын болды. Әйтеуір, бір болмай тынбайтын осы айқасқа Қайыптың көптен дайындалып жүргенін блемін. Бірақ әрі бойшаш, әрі жуан Жорабекке оның әлі келмейтіні анық еді, алыса кеткенде астына түсіп қалды. Дегенмен, өжеттік жағы онда жеткілікті, астында жатса да өзінің үйреншікті өдісіне

басты: қолы сөл босағанда Жорабектің қоңқақ мұрнынан періп жіберді. Мұрны қанаған адам әдетте төбелесе алмайды, Жорабек ыңқ етіп аунап түсті. Қайып женілген Жорабекті май құйрықтан бір тепті де:

— Іздеңің осы ма? Мә! — деп, ортасынан қақ бөлінген қанжарды өзенге лактырып жіберді. Кеңе ғана айбынды корінген екі жұзді болат су түбінде белі үзілген жыландаі сүп-сүзық болып жатыр. Сынған қанжарды ешкім де батылы жетіп ала алмады. Жорабек қана мұрнынан аккан қан тыйылмаған соң суга енкейді. Біз женғен қораздай қокиалып, ойынымызды жалғастыру үшін атқора жақтағы қалың маяға қарай кеттік. Өз жағдайымның түзелгеніне іштей масаттанып келемін. Енді, әрине, Жорабек маган қоқан-лоққы көрсете алмайды, қанауынан да құтылдым. Қайып тобына қайта қосылуым да елеулі оқиға. Бұрынғыдай емес, енді олар менің адалдығыма көздері жетіп, ішке тарта бастады...

Бұл, әшейін, балалық кезеңден жай бір көрініс қана. Бала кезіндегі ерегіс, кіжінү, шартпа-шұрт айқастан жүргегінде дақ қалмайды, қазір үрсысып-төбелессең артынша үмытып кетесің, тұқ болмағандай ойын қызығына берілесің. Мұндай оқиғалар сенің де басында болған, бір жақсы жерің – жылап үйге келген емессің, біреудің үстінен шағым айтқанынды да естігеміз жоқ. Бұл жағынан өзіме тартқанынды сеземін де, іштей “тәуба” қыламын.

Бала кезде өз қатарынан, бірге ойнап жүрген құрбыларынан “жеген таяғың”, көрген жәбірің жүрекке жара салмайды, ең ауыры – әкенің жоқтығы екен. Сен бұл жағдайды білмейсің, саған мұндай сезім мүлде жат. Осы күнге дейін ойлайтыным: Қайып сияқты балалардың құйттайынан өжет, батыл болып ескендігі – әкесінің бар болуы. Оның әкесі соғыс жылдарында сельсовет председателі, колхоз бастығы больш істеді, ауыл баласына бұдан артық қандай бақыт керек! Мениңше, біздің қатарымызда Қайыптан күші басым басқа балалар да бар еді, бірақ ешкайсы оған қарсы келе алмайтын, әйтекеір, бір пысы басып тұратын.

Апамның табыскерлігі, әжемнің еңбеккерлігі арқасында мен ішім-жемнен кемшілік көргем жоқ, көрген қорлығым тек әкемнің жоқтығынан деп білемін. Осы күні менің жасымдағылар: “біз балалық бал дәуренді бастан өткізе алмадық, көретін қызығымызды соғыс жалмады” деп жазып та, айтып та жүр. Бәрі рас, бірақ ол кезде біз мұны ойлаған жоқтыз, себебі оны ойлауга мұршамыз да келген жоқ, бар қызық өз қатарынның ішінде жүру, қол босай қалса асыр салып ойнау деп білдік. Балабакша, парк, кино, цирк сияқты

киял тербейтін, ой өрісінді кеңейтетін дүниелер бары үш үйқтасақ ойымызға келген жоқ. Бар білетініміз – мектепте мұғалімдер үйрететін сабак, үйге келгенде әжеміз айтатын ертегі-қиссалар. Менің әжем жасында мұсылманша оқыған, ете зейінді, өлеңмен жазылған қиссаларды жатқа айтатын кісі еді. Өзі жаңынан қып өлең де шығаратын. Бәлкім, менің әдебиет жөніндегі ең алғашқы үстазым да осы әжем болу керек.

Әжемнің маған деген мейірімділігі арқасында мен соғыс біткенше емін-еркін ойын қызығының жуан ортасында жүрдім. Таңың атысы, күннің батысы үй қарасын көрмейтінмін. Көктемде жауқазын, кәреней қазып қыр кезсек, жаз шыға итжүа, бұлдырген теріп, тау-тастың арасында жүргеніміз. Жалаң аяқ жар кешкенде қалындығы бір еліге жетекабыл күс табанымызды кияқ тас тілмейді, кәрі шенге болмаса анаумынау ұсақ тікен ала алмайды. Небір кия жарларды, қайрақ тастарды қара жердей басамыз. Қыстың көзі қырауда болмаса жаз бойы аяққа түк ілмейміз. Ерте коктемде, кеш күзде қар ала-қанаттанып жатқаның озінде үй-үйдің арасына жалаң аяқ жүгіретінбіз.

Мен осылайша “қаңғырып” жүргенімде қорадағы азын-аулақ малдың күтімі, олардың киын тазалау, үй сипыру, отын тасы – әжемнің мойнында. Осынау кең маңдай, жар қабак, көзінен кейде ерліктің үшкінші атып тұратын, кейде мейірім тоге қарайтын қара торы кісі жасы алпысқа таяса да қара жұмыстан бір қажыған емес. Ол кісінің бойындағы қайрат, қажыр аргы бабасы Болтірік батырдан ауысқан деп ауылдағылар айтып отыратын. Айтса айтқандай, ол кісі әйел болып үй қыдыру, өсек айту дегенді білмейтін, тек істің, шаруаның адамы еді.

Соғыс аяқталып, ел Женіс күнін мейрамдағаннан кейін-ақ менің “тайрандауым жетті. Біреудің әкесі, біреудің ағасы, біреудің жақын бауыры келіп жатқанда біздің үйге ешкім жиналып той да жасамады, олең де айтпады. Осыған дейін тыным таппай ат үстінде жүрген апам әкемнің тірі еместігіне көзі жетті ме, үйден шықпай жер бауырлап жатып алды. Көп ұзамай орнына соғыстан жаракаттанып қайткан ауыл азаматының біреуін тағайындалты деген хабар шалынды құлағыма. Бұл жағдай апамды одан әрмен жүдетіп, екі жағы суалып, өні боп-боз болып кетті. Мектепке завхоз етіп тағайындаған екен, оны апам міссе түгпады.

Біраз уақыт осылайша жүдеп-жадап жүрген апамның мінезінде күрт өзгеріс пайда болды. Жоқтан өзгеге ашуланып әжемді де, мені де “құырып жеуге” шықты. Әсіресе, әжеме обал – ертенен, кешке дейін үршық иартеді, жұн сабатып,

боятады, өрмек тоқытып, текемет бастыртады. Төрт жыл колхоз бастығының орынбасары болып істегендеге жүнді де аткепір етіп жинаған екен. (Бұлардың бәрі тұбі іске асатының алдын ала болжаган-аудеймін). Әжем де ісмер адам. Ертеннен қара кешке дейін терме алаша тоқудан, оюлап қызыл ала текемет басудан бір жалықпайды. Соғыстан кейінгі екі жыл ішінде ол кісінің қолымен қызыл, жасыл, көк түстерге боялған жүн мен ақ, қара қойлардың жүнін араластырып қоздің жауын алатын оюлы он текемет басылғанын білемін. Ал осы күнгі паластарыңды жолда қалдыратын терме алашаларының езі қаншама! Олардың бәрі кейін мениң окуйма, “ел қатарына қосылуыма” жарады...

Зауал менің басыма да орнады. Бұрын көкем барында, әже бауырында жүргенде байқамайды екем, апам балаға аса қатал болып шықты. Тіпті ол кезде айналыш-толғануды, бастан сипауды білмей ме деп қалдым. Титтей кінән үшін қолына не түссе сонымен жіберіп үрады. Бір рет тіпті суга салып сабағаны бар...

Ойын жайына қалды, ертелі-кеш апам неге жұмсаса соны істеймін, кос шелекпен қайнардан су тасу, бұзау сугару, қозы ағыту, қорадағы қойды еріске айдау, кезек келгенде оны бағу – бәрі мениң мойнымда. Оны қойшы, бәрінен бұрын диірмен тарту азап болды. Апам қол диірменді тұра жатарда немесе таң алдында тартады. Зілдей диірменге қолының әлі келмей ме, әлде жалғыз тартудан жалыға ма, міндетті түрде мен қолдасым керек. Шаршаганың ештеңе емес-ау, бәрінен бұрын таң аттай тосектен тұратының жаман. Бала кездегі азаны үйқы қандай тәтті! Қалғи бастасам, апам сирағымнан көк шыбықпен салып қалады.

Шешемнің жалғыз балаға сонша неге қатал болғанын ол кезде, әрине, түсінгем жок, Кейін анғарсам, мұның бәрі ашуызадан екен. Жасынан жоқшылық көрмей, еркін есken ауқатты ауылдың қызы келешек өмірі осындай сүреңсіз болады деп ойламаса керек.

Өзелде мінезі, түр-тулғасы, өнері үнап қалған Қонысбай бертін келе апам ойлағандай болып шыққаған. Айлықтан өзге табысы жок мұғалімнің жоқ-жұқана тірлігі оның ер көңілін қанағаттандырғаған. Ол ес білгелі өз үйінде күн ара қой сойылып, бір қонақ, келіп, бір қонақ, кетіп жататын. Ал Қонысбайдың керек десе баспанасы да жоқ, әркімнің босаған үйін панаңдайды. Тек соғыска аттанарындаған мына бір екі бөлмелі тамның басын қарайтып кетті. Ал апамның арманы бұл емес еді, қатарының алды болып, жорға мініп, қыжым кіп, шәй орамал тартып, саусағына алтын сақина салып, құлагына күміс сырға тағып бұлғандал жүремін деп ойлаған.

Көкем соғысқа кеткенде апамның колхоз жұмысына құлшынып кірісп қетуінде де мән бар екен. “Мен еркектен кеммін бе, байсыз да бір үйлі жанды жалғыз асыраймын” деген өркөкіректік те жоқ емес. Шешем шынында тапқан табысымен өз үйін ғана емес, панаaszы қалған ағайындарының бір ауыл жанын асырады десе де болғандай.

Күйеуінен қудері үзілген соң апам басқаша ойға беріліпті: қайтсе де мені оқытып, жетілдіру. Ол үшін мені “еркіме жібермей тіршіліктің қатал заңымен ширатып, тезге салу. “Жасында таяқты көп жеген бала, қара жұ-мыс істеп піскен бала, есейгенде жинақы, “ожет болады” — апамның өзі білетін педагогикасы осы еді. Табиғатымнан мен жалқау екем, көкем де үй тіршілігіне көп қарамаса керек. “Атаң Сары үйкьдан көз ашпайтын еді” дейді. Мен де соларға тартып көп үйқағанды жақсы көретінмін, үйкьдан көз ашсам — есілдертім дала болып тұратын. Оның үстіне, әжемнің жұмсақ бауырында қара жұмыска мойным жар бермейтін. Енді апамның қарауына қошқен сон, жайбаракаттық жайына қалды... Бәлкім, менің кейінірек жақсы оқып, тіршілікке де икем болғаным апамның сол қатты ұстауынан шығар. Әжемнің қарауында журе берсем босбелбеу, болбыр болып өсер ме едім, кім біледі...

Апамның ендігі үміті де, қалған тіршілігі де маған байланысты екенін сездім. Анау боялып жатқан жұн-жіп, басылып, тоқылып жатқан алаша-текемет — ертеңің қамы. Ойдағы, қырдағы малды жинастырып, шетінен саттырып, пулға айналдыруының да мәні бар: жүкті жеңілдетіп, күйеуінің еліне көшу. Бұл жақта оның аландайтын ешкімі жоқ, шешесі станциядағы кіші қызының қолына көшіп барады. Жалғыз баланы шеттептіей өз еліне алып барса, қай-қайсы болсын құшақ жая қарсы алатынын биледі. Күйеуім жоқ деп басқа біреудің етегінен ұстамай, шанырақ шайқалтпай, елін іздеп келген женгесін соғыстан аман қайтқан қайындары бұрынғыдан горі жақсырақ қоллаштайтыны белгілі. Қонысбайдын, Өрісбай деген жалғыз інісі, немере-шөбере, тағы екі-үш ағайындары ауданға орналасып, “бір-бір столға ие болып” отырган көрінеді. Әсіресе, шофер болып жұмыс істейтін қайнысы жалғыз інісіне неге қарайлалассын!

Апамның ойы осындаи болғанын мен кейін түсіндім. Төрт жасымнан бірге өскен, тай-құлындаи тебіскең жоражолдастарды қызып кету қандай қыын болса да, қырық жетінші жылдың жазында Іле бойына — Бақанасқа жол жүрүіме тұра келді. Мектепке баратын уақыт жақындап қалған-ды. Мен Өрісбай ағаның үйіне барып оқи бермекпін, апам әбден жынын-терін болған сон артымнан көшіп келмек.

Мен кәдімгі жолаушыдай ауыр чемоданды мықшия көтеріп поезға мініп жатқанда әжем көзіне жас алып: “Тәуба! Тәуба!” деп қойды. Бұл — менің азамат санатына қосылып, тұнғыш рет үзақ жолға жалғыз шыққанымы куанганы.

Ташкент — Новосибирск поезымен он шакты сағат жол жүріп Іле станциясына келдім. Абырой болғанда, тұнде мінген поезд Ілеге күндіз жетеді еken. Кездейсок, ұры-карьыдан корқып жалғыз чемоданды жамбасыма басып жатып, тұн бойы калып-мұлгіп отырды.

Апам айтқан: “Іле көпірінің аузында базар бар, соған жетсен Бақанасқа қарай машина ағылып жатады”, — деп. Чемоданды жаяу жүріп көтере алмайтын болған сон, кездескен есек арба жалдауға тұра келді. Арбакеш жас мөлшеріме, бойыма қарап басын шайқады, “бул не қылған жолаушы?” — деп іштей таңырқағаны көрініп тұр.

Бүтін күң демалыс, базар басы ығы-жығы ел. Шеттеу жерге чемоданымды қойып, жуа сатып отырған орыс кемпірінے табыстыдым да, машина іздеуге кеттім. Эр шофермен сойлессемін, баласына ма, біреуі ден қойып тындармайды. Қара шұбар бір кісі иығыма батпандай қолын салып тұрып:

— Сен Өрісбайдың інісі емессің бе? — деп сұрады. Куаныш кеттім.

— Иә.

— Ағаң сені маған табыстаған. Өзі тәменгі ауылдарға кетті. Машинам әнсे тұр, бар да Кузовқа отыр. Кабинада орын жок,

Маған бәрібір, ескі танысым кездескендей қуанышым қойныма сыймай әлгі кісі нұсқаған машинаның жаңына ауыр чемоданынды сүйретіп әкелдім. Чемоданды үстіне қалай шығарарымды білмей алақтап тұр едім, әлгі кісі келді де, жерден тулактай көтеріп жоғарыға атып жіберді. Дөнгелекке бұтым жетпей мықшындей бастап едім, өзімді де қолтығымнан көтеріп ытқыта салды. Топ етіп сексеул қықымының үстіне түстім.

Апам: “Бақанас Іле көпірінен қол созым жерде” деп еді, әштейін мені алдын ала шошытпайын дегені еken. Көпірден карға адым үзай бере шоқалақ жолосызға тұстік. Қарабұжыр шофер ой-шүқырға қарамай айдай береді еken. Мен күйін үйірген қаңбақтай кузовтың ана қабыргасына бір, мына қабыргасына бір соғылып, әбден естен таңдым. Оның үстіне мұндаидай сұрапыл шанды көрген емен, желмен үткыған сары топырақ құлак, мұрын, ауыз дегендерді бітегенде нағыз дозақ сол болды. Ол аздай, Сасық деген жерден әрі асқанда машина дөнгелегі құмға тығызып таң атқанша тұрдық. Тұнде құм іші сонша сұық болар ма, егер шофер кабинадағы балалы әйел

үшін сексеул сыңдырып от жақлағанда үсіп өletін едім. Таң ата қарсы келе жатқан машина сүйреп, “күм тұтқынынан” зорға босадық, Мұндай сусыма сары құмды қөргенім осы!

Таң атып, күн ұлы сәскеге тақағанда ел шеті де көрінді ау. Бақанас дегенің үлкен қала ма десем, Ақтамнан аз-ақ үлкен село екен. Аудан орталығы деген аты болмаса, шатырлы үйлер ілүде біреу, тоқал тамдар біріне-бірі жалғас, қулагалардай біріне-бірі сүйеніп тұр. Қошелерінде тал-терек дегенін атымен жоқ.

Ағаның үйі шет көшеде екен. Шағын ғана тоқал тамның есігін жүрексіне аштым. Терезелерді қарандылап қойған екен, әуелде көзіме ешкім шалынбады. Иесіз үйге кіруді ерсі қоріп, не інгері басарымды, не кейін кетерімді білмей тұрганымда түкі бөлмеден үй сыйырған қара торы әйел шықты. “Сен кімсің?” дегендей үлкен көздерімен бетіме ажырая қарады. Сырт кейіпім көрден шыққандай болып тұрганымнан шошып қалса керек.

— Мен Темірмін, — дедім сасқалақтап.

— Темір болсаң қайтейін? Ә-ә... сен екенсің ғой! Төрге шық.. Жоқ, әуел жуынып кел. Түү, түрінді-ай! Усті басыңың шаңын как. Сосын әнеу жerde сабын тұр, жаксылап жуын. Кім екен десем, қайнам екен ғой... — деп, женгем бір сезі бір сезінен қабыспай шаруасын істей берді. Ағам Өрісбай әскерден келген соң үйленді деп естігенбіз, женгеміздің мені танымауы занды да еді. Бірақ ә дегеннен-ақ алайған көзінен шошынып қалдым.

Әлгінде машинадан түсісімен сырт киімдерімді бір-бір сілкіп алғанмын, бірақ шаны құрғыр әбден баттасып қалса керек, каккан сайын бүркүлдап шыға береді. Айнаға қарасам, түрім, шынында да, әлем-тапырақ екен. Әуел жуынып-шайынып алмай, осы түріммен бейтансыс женгеме қалай көріндім деп қысыла бастадым.

Оку басталар алдында апам хат жазыпты: “Был мен көше алатын емеспін, алдағы жазға дейін шыда, аға-женгемнің қолында оқи тұр, маган аландама”, — дейді. Ал керек болса! Кісі есігінде журу дегенді оні түгіл, түсінде көрмеген мен үшін бұл үлкен сын еді.

Өрісбай аға әскери адамша тік жүретін, бойшан, қыр мұрын ақсары кісі. Бірден мені бауырына тартып, басымнан сипап жылы мейір көрсетті. Аудандық тұтынушылар қоғамында шофер болып істейтін ағаның үйде болуынан түзде жүруі көп. Анда-санда бір келіп түнегені болмаса, мен ол кісіні сирек көретін болдым. Бұл үйдегі жеке-дара “қожайыным” Салиха женгем. Женгемнің босанғанына үш-ақ ай болған екен, кішкене нәрестенің бар тауқыметі, менің мойнымда. Тамагы

жарымай ма, өлде өзі де жылауық па, жағы бір тынбайды, көтермесен өмірі бір жубанбайды. Сабактан келген бойда заржақ баланы көтеріп селкілдеймін де жүремін. Ол үйқтағанда, көршінің қорасындағы құдықтан қос шелекпен су тасимын. Ақтамда қайнардан іліп алғып қайқандап кете беруші едім, ал мына арада шынырау құдықтан су тарту да құдайдың бір пәлесі екен.

Қосымша міндестім – сексеуіл жару. Бақанастың Ақдала жақ сырты сыңсыған сексеуіл, қалаға күні-түні тасыса да бір таусылмайды. Өрісбай аға өз машинасымен елу-алпыс шақырым жерден айына бір қатынаст сексеуілді үйіп тастайды, ал оны бүттарлап жару – менін міндестім. Кәрі сексеуіл ештеңе емес-ау, жігер деп аталатын жас сексеуілді жару қын-ак. Көк мұздай сірескен “жігерге” балтанаң тісі отпей шыңшың етіп шекенді шағады. Оның үстіне, менде қай бір күш бар дейсің, екі-үш сағат мықшында бір күндік отын даяр болғанша жан терім шығады.

Ақтамдағы жора-жолдастарымды, әжемді ойлап кейде онашада жылап та аламын. Өз шешем қандай қатал болса да “шінен шыққан шүбар жыланмын” той, сыртқа шығармаса да жүргімен жақсы көретінін сезетінмін. Қанша ұрып-соққанмен өз шешенің қолы жұмсақ тиे ме деймін...

Салиха женгем үрмайды, ұрыспайды, үлкен ала көзімен ата қарағанда, жерге кіріп кете жаздаймын. Үні де дүмді: “Бар! Әкел!” деп жай айтқанының өзі мірдің оғындан тиеді.

Женгем “демалысы аяқталып”, буфетшілік жұмысына кайта кірісті. Құлағым тыныш болғанмен, осы үйдің ұлы да, қызы да мен. Отымен кіріп, күлімен шығамын. Таңертен төсек жинау, үй ішін сырпырып тазалау, су әкелу, отын жару, балаға тамақ беру – менің мойнымда. Кейде бала – қанша жыласа да қолыма алмай қоямын. Ішегі қатқанша зарлап, ақыры шаршайтын болу керек, жағы тынады. Сол кезде емізікпен сүт берем де үйқтатып тастаймын. Аздал тыныс алғып, кітап бетін ашатын кезім осы. Бірақ аз уақытта бәрін оқып, жаттап, жазып үлгеру қайда – көп үзамай бала қайта оянады, басыма түскен бейнет қайта басталады.

Біз түстен кейін оқимыз, сол кезде баланы көрші үйдегі кемпірге табыстаймын да, домаланып жақын жердегі мектепке жүгіремін... Сабактан кейін ойнау жоқ – женгем кай күні, кай сағатта мектептен босайтынды жатқа біледі.

Азаптың көкесі қыс түскенде басталды. Жаздагы күрғакшылықтың салдарынан елу бірінші жылдың қысында карточкага қарал қалдық. Селода бір-ақ наубайхана бар, қара нанды түнімен пісіріп, таңертен ләпкеге шығарады. Күллі село аузын